



Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығында жүргізілетін сот сараптамалары түрлерінің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2013 жылғы 22 тамыздағы № 281 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 27 тамызда № 8656 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 52 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 26.01.2015 № 52 (алғашқы ресми жарияланғанын күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 20 қаңтардағы Заңының 12-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығында жүргізілетін сот сараптамалары түрлерінің тізбесі бекітілсін.

2. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі лицензиялайтын сот-сараптама қызметінің құрамына кіретін жұмыстар түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 208 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6350 тіркелген, 2010 жылғы 30 қарашадағы № 506-512 (26355) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бұйрық оның алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы *Д. Құсдәулетов*
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің міндетін атқарушы
2013 жылғы 22 тамыздағы
№ 281 бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
Сот сараптамасы орталығында жүргізілетін сот сараптамалары
түрлерінің тізбесі**

№	Сараптама түрі	Сарапшылық мамандық	Мамандық шифрі
1.	Құжаттардың сот сараптамасы	Жазу мен қолтаңбаны сот-сараптамалық зерттеу	1.1
		Құжаттарды сот-техникалық зерттеу	1.2
		Сот автортану зерттеуі	1.3
2.	Сот портреттік сараптама	Сот-сараптамалық габитологиялық зерттеу	2.1
3.	Сот бейнефонографиялық сараптама	Сот-сараптамалық бейнефонографиялық зерттеу	3.1
4.	Сот фототехникалық сараптама	Сот-сараптамалық фототехникалық зерттеу	4.1
5.	Сот трасологиялық сараптама	Сот-сараптамалық трасологиялық зерттеу	5.1
6.	Сот баллистикалық сараптама	Сот-сараптамалық баллистикалық зерттеу	6.1
7.	Заттар мен материалдардың сот сараптамасы	Лакты бояу материалдарын, жабындар мен полимер материалдарын сот-сараптамалық зерттеу	7.1
		Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеу	7.2
		Металдар мен қорыпаларды сот-сараптамалық зерттеу	7.3
		Топырақты сот-сараптамалық зерттеу	7.4
		Талшықтық материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеу	7.5
		Спирт құрамды сұйықтықтарды сот-сараптамалық зерттеу	7.6
		Арнайы химиялық заттарды сот-сараптамалық зерттеу	7.7
8.	Жол-көлік оқиғасы жағдайлары мен көлік құралдарының сот сараптамасы	Жол-көлік оқиғасы жағдайларын сот-сараптамалық зерттеу	8.1
		Сот-сараптамалық көлік-трасологиялық зерттеу	8.2
		Көлік құралдарын сот-сараптамалық зерттеу	8.3
9.	Сот экономикалық сараптама	Шаруашылық операцияларын сот-сараптамалық зерттеу	9.1
		Сот-сараптамалық бухгалтерлік зерттеу	9.2
		Сот-сараптамалық қаржы-несиелік зерттеу	9.3
		Сот-сараптамалық қаржы-бюджеттік зерттеу	9.4
10.	Сот тауартану сараптамасы	Азық-түлік емес тауарларды сот-сараптамалық тауартану зерттеуі	10.1
		Азық-түлік тауарларын сот-сараптамалық тауартану зерттеуі	10.2
		Сот-сараптамалық автотауартану зерттеуі	10.3
		Сот-сараптамалық құрылыс-тауартану зерттеуі	10.4

		Аудиовизуальдық және бағдарламалық өнімді сот-сараптамалық тауартану зерттеуі	10.5
11.	Сот құрылыс сараптамасы	Ғимараттар мен имараттарды сот-сараптамалық құрылыс-экономикалық зерттеу	11.1
		Ғимараттар мен имараттарды сот-сараптамалық құрылыс-техникалық зерттеу	11.2
12.	Сот технологиялық сараптама	Сот-сараптамалық технологиялық зерттеу	12.1
		Компьютерлік технология құралдарын сот-сараптамалық зерттеу	12.2
13.	Сот өрт-техникалық сараптама	Өрт жағдайларын сот-сараптамалық зерттеу	13.1
		Сот-сараптамалық электротехникалық зерттеу	13.2
14.	Сот жарылыс-техникалық сараптама	Жарылыс жағдайларын сот-сараптамалық зерттеу	14.1
15.	Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың сот сараптамасы	Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорларды сот-сараптамалық зерттеу	15.1
16.	Сот биологиялық сараптама	Сот-сараптамалық биологиялық зерттеу	16.1
17.	Сот молекулярлық-генетикалық сараптама	Сот-сараптамалық молекулярлық-генетикалық зерттеу	17.1
18.	Адамның психофизиологиялық процесстерінің сот сараптамасы	Сот-сараптамалық психологиялық-криминалистикалық зерттеу	18.1
		Сот-сараптамалық психологиялық-филологиялық зерттеу	18.2
		Сот-сараптамалық инженерлік-психофизиологиялық зерттеу	18.3
19.	Сот экологиялық сараптама	Сот-сараптамалық экологиялық зерттеу	19.1
20.	Генетикалық өзгерген организмдердің сот сараптамасы	Генетикалық өзгерген организмдерді сот сараптамалық зерттеу	20.1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК